



Жұмыстарды сатып алу жөнінде шарт № _____

_____ қ.

«__» _____ 2025 ж.

"Павлодар мұнай химия зауыты" ЖШС, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ тұлғасында, бірінші тараптан және бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын, _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ негізінде осы жұмыстарды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді. Мердігер осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Мердігер осы Шарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды Mauekawa 3225SSC-LBL компрессорына техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыс (бұдан әрі - Жұмыс) орындауға міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында орындалған жұмыстарды қабылдауға және оған ақы төлеуге міндеттенеді.

1.2. Моделі компрессорының P3225SSC-LBL жөндеу, оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарға арналған Mauekawa компаниясының регламентіне (№8 қосымша) сәйкес жұмыстарды жүргізуге арналған жұмыстар тізбесі мен жиынтықтаушылары №4 қосымшада келтірілген, осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын. Мердігер жұмыстарды көрсеткен кезде осы Шарттың №4 қосымшасында көрсетілген тауарды пайдаланады.

1.3. ҚР қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерімен бекітілген тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу кезінде ұйымдардың елішілік құндылықты есептеуінің бірыңғай әдістемесіне сәйкес есептелген шарттың жалпы сомасынан елішілік құндылық үлесі _____ % құрайды. Бұл Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын тиісті құжаттардың көшірмелерімен расталады.

1.4. Жұмыстар Мердігердің жабдығымен және күшімен орындалады. Мердігер жұмыстың осы түрін орындау үшін даярланған білікті персоналды, жұмыс тәжірибесі, уәкілетті мемлекеттік органдардың тиісті рұқсаттары, лицензиялары барына кепілдік береді.

1.5. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласында қолданылатын заңнаманың талаптарын ескере отырып, Мердігер осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Шарттың «Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт, газ қауіпсіздігі, экология, санитарлық-эпидемиологиялық талаптар саласындағы» деген №5 қосымшасына сәйкес жұмыстарды Тапсырыс берушінің аумағында орындауға міндеттенеді.

1.6. Жұмыстарды бастамас бұрын Мердігер осы шарттың №6 кестесінде белгіленген нысандарға сәйкес Тапсырыс берушінің аумағына жұмыскерлерді, арнайы техника мен көлікті өткізуге, ТМҚ кіргізуге/шығаруға рұқсатнама алу үшін хат ресімдеуге міндетті.

1.7. ҚР заңнамасымен белгіленген, жұмысшылармен еңбек қатынастары саласындағы кепілдемелерді сақтауды қамтамасыз ету мақсатында Мердігер осы Шарт бойынша жұмыстарды орындау кезінде Шарттың «Еңбек қатынастары саласындағы мердігерлік ұйымдарға қойылатын талаптар» деген №7 Қосымшасында көрсетілген міндеттемелерді орындауға міндеттенеді.

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ тең және оған Шарттың талаптарын тиісті түрде орындаумен байланысты барлық шығындар кіреді және Шартта және Тәртібінде аталған жағдайлардан басқа, Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттерін толық орындамағанша өзгертуге жатпайды.


2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1-қосымшасында берілген.

2.3. Шарт бойынша төлеу келесі тәртіпте орындалады:

2.4. Жұмыстардың құны Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгеде белгіленеді. Төлем валютасы: теңге. Төлем жүргізу формасы – Мердігердің есеп айырысу шотына ақшалай қаражатты аудару.

2.5. Орындалған Жұмыстар үшін төлем, соның ішінде Шарт бойынша соңғы есеп айырысу, Тараптардың орындалған Жұмыстардың актісіне қол қойған күннен және келесі құжатты (тарды) бергеннен кейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кеш емес мерзім ішінде орындалады:

2.5.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында орындалған Жұмыстардың барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады;





2.5.2. 1) Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған және Тараптардың мөрлерімен расталған Мердігердің пайдаланылған материалдарының түсініктемесі және басқа да шығындары бар орындалған жұмыстарды (көрсетілген қызметтер) актісі – 2 түпнұсқа;
2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ресімделген, орындалған жұмыстарға қол қойылған актісі негізінде ұсынылған Мердігердің шот-фактурасы.

2.6. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Орындалған жұмыстардың актісін (лерін) Мердігер Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Жұмыстарды қабылдау-беру актісін (-лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

2.7. Тапсырыс берушінің ақшалай қаражаттарды аудару жайындағы төлем тапсырмасында көрсетілген күн төлем жасау күні болып есептеледі.

2.8. Шарттың 2.1-тармағында көрсетілген Шарттың жалпы сомасы Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, ұлғайту бағытында өзгертілмейді және Шарттың 6-бөлімінде көзделген Кепілдік қолдау құнын қамтиды.

2.9. Егер Мердігер Шарттың жалпы сомасында Мердігердің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауы үшін қажетті жеке (соның ішінде күтпеген) шығындарын қарастырмаса, Жұмыстардың қымбаттау қаупін және/немесе кез келген қосымша сомаларды төлеу міндетін Мердігер көтереді.

2.10. Қазақстан Республикасының салықтарға қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда Тараптар тиісті қосымша келісімге қол қоя отырып, Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

2.11. Мердігер Шарт бойынша Тапсырыс берушіге Мердігер осы шартпен, сонымен қатар Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында жасалған өзге де шарттармен көзделген өз міндеттемелерін орындамағаны және(немесе) тиісті орындамағаны үшін Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында жасалған барлық шарттар бойынша Мердігерге тиесілі ақшадан кез келген соманы, соның ішінде төленген аванстарды біржақты тәртіпте ұстап қалу құқығын береді. Мыналарды растайтын құжаттар ұстап қалуға негіздеме болып табылады: шарт міндеттемелерін орындамау/тиісті орындамау; шарттар бойынша міндеттемелерді орындау кестелерін бұзу; есептелген айыппұлдар, өсімпұлдар және басқа да айыпақылар; Мердігер шарттар негізінде алған тауарлар/жұмыстар/қызметтер; шарттар бойынша өзара есепке алу.

2.12. Тараптар төлем реквизиттерін дұрыс ұсынбай, төлемді қайта өткізу қажеттігі пайда болса, қайталама операциялар бойынша барлық шығындарды дұрыс емес төлем реквизиттерін ұсынған Тарап көтереді. Қайталама операциялар бойынша шығыстар ақшалай қаражаттарды аудару кезінде екінші тарапқа шығыстарды өтеу үшін шотты және жұмсалған банк шығыстарын растайтын құжаттарды ұсына отырып, қайта төлем жасау сомасынан ұсталады.

2.13. Тапсырыс беруші мердігердің төлем құжаттарының топтамасын уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемді кешіктіргені үшін жауап бермейді.

3. Жұмыстарды орындау мерзімі және шарттары

3.1. Мердігер осы Шарт бойынша жұмыстарды осы Шартқа №4 қосымшада көрсетілген мерзімде орындайды және осы міндеттемелерді жұмыстарды орындау кестесінде көзделген көлемдерге және орындау мерзімдеріне сәйкес орындайды.

3.2. Жұмыстарды орындау мерзімдері өзгерген жағдайда, Тапсырыс беруші Жұмыстарды орындаудың болжамды күніне дейін кемінде 15 күнтізбелік күн бұрын Мердігерді жазбаша хабардар етеді.

3.3. Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстарды қабылдау актісін алғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде Жұмыстарды қабылдайды және оған қол қояды немесе Мердігерге орындалған Жұмыстарды қабылдаудан бас тарту туралы жазбаша дәлелді жібереді. Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстарды қабылдаудан бас тартқан жағдайда Тараптар Жұмыстардағы кемшіліктері, сондай-ақ кемшіліктерді жою талаптары мен мерзімдері көрсетілген екітарапты актіні құрастырады. Мердігер жұмыстардағы барлық кемшіліктерді Тапсырысшы белгілеген мерзімде жояды.

3.4. Мердігер Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша Шарт бойынша орындалған Жұмыстарға қатысты Тапсырыс берушіге қажетті барлық құжаттарды актіге қол қою үшін ұсынуға міндетті.


3.5. Шарт бойынша Жұмыстарды мерзімінен бұрын орындаған жағдайда Мердігер мерзімінен бұрын тапсыруға, ал Тапсырыс беруші Шарт талаптары бойынша мерзімінен бұрын орындалған Жұмыстарды қабылдауға және төлеуге құқылы.

3.6. Жұмыстарды аяқтау мерзімі – осы Шартқа №4 қосымшада көрсетілген.

3.7. Жұмыстардың орындалатын жері – ҚР, Павлодар қаласы, Химкомбинат, 1. «Павлодар мұнайхимия зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4.1. Мердігер міндеттенеді:





4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарды орындау;

4.1.2. Тапсырыс берушіге Орындалған жұмыстар актісімен бірге электрондық құжат нысанындағы Шарт аясында орындалған Жұмыстардың барлық көлеміне елшілік құндылық есебін ұсынуға (Веб-порталда ұсынылады);

4.1.3. Тапсырыс беруші анықтаған Жұмыстардың кемшіліктерді Шарттың талаптарын сәйкес жоюға;

4.1.4. Тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен Жұмыстарды орындауға;

4.1.5. Жұмыстарды орындау кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;

4.1.6. Жұмыстарды орындау кезінде Мердігердің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапкершілікті көтеруге;

4.1.7. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Жұмыстарды орындау кезінде аварияларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге;

4.1.8. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

4.1.9. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Жұмыстарды орындау орындарына қолжеткізуді қамтамасыз етуге;

4.1.10. осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін банк кепілдігі, ақшалай жарна, сактандыру шарты түріндегі шарттың жалпы құнының 3% мөлшерінде толық орындағанға дейін қолданылу мерзімімен шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізісін. Бұл міндеттеме, егер ол тәртіптің 43-бабының 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, Орындаушыға қолданылмайды; Шарттың орындалуын қамтамасыз ету белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің соңғы мерзімі өткенге дейін Орындаушының сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауы жағдайлары алып тастауды құрайды. Тапсырыс беруші Орындаушыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Орындаушы осы хабарламаны алған күннен бастап шарт біржақты тәртіппен бұзылған болып есептеледі. Егер Орындаушы тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады

4.1.11. Жұмыстарды өз тәуекеліне қарай, өз күштерімен, құрал-саймандарымен және басқа да меншік ресурстарын, сондай-ақ қажетті материалдарды қолданып орындауға, кейіннен Жұмыстарды аяқтағаннан кейін 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде өз жабдықтарын, арнайы техникасын, вагондарды және т.б. объектінің аумағынан шығаруға;


4.1.12. жұмыстарды орындау кезінде мердігер қызметкерлерінің және тартылатын қосалқы мердігер ұйымдардың қызметкерлерінің қауіпсіздік техникасы, өрт және экологиялық қауіпсіздік талаптарын, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарында белгіленген еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өзге де нормалардың, қағидалар мен нұсқаулықтардың талаптарын сақтауын қамтамасыз ету. Жұмыстарды жүргізу/Қызмет көрсету аумағын және уақытша алаңдарды таза ұстау. Жұмыстарды орындау/қызметтер көрсету барысында және олар аяқталғаннан кейін мердігердің қызметінен пайда болатын қалдықтарды, оның ішінде бөлшектеу жұмыстарынан және түсірілген материалдың қалдықтарынан пайда болған қалдықтарды қоспағанда, мердігердің контейнерлеріне жиналып, Тапсырыс берушінің аумағынан өз есебінен және өз күшімен мамандандырылған кәсіпорынға әкетіледі. Металл сынықтары мен пайдаланылған майлардың қалдықтары пайда болған жағдайда, Мердігер осы қалдықтарды Тапсырыс берушіге береді. Лак-бояу немесе басқа да экологиялық қауіпті заттардың ағуы кезінде жер жамылғысы ластанған кезде Мердігер ластанған жер жамылғысын тазартуға байланысты барлық шығындарды көтереді.

4.1.13. Тапсырыс берушіге, оның сұрауы бойынша Жұмыстар туралы нақты және толық ақпаратты, Жұмыстарға қатысты барлық атқарушылық және есеп берушілік құжаттаманы, сондай-ақ осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындайтын Мердігер және қосалқы мердігерлер жұмыскерлерінің азаматтығын және әр лауазымы бойынша төленген жалақы сомасын және Мердігер/қосалқы мердігер қызметкерлерінің еңбекақысын төлеуге қатысты басқа да мәселелерді көрсете отырып, олардың саны мен лауазымдары туралы ақпаратты ұсынуға. Бұл ретте, Мердігер қызметкерлердің жеке деректерін қорғау бөлігіне қатысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын сақтауға қажетті барлық шараларды өзі қабылдайды.





- 4.1.14. Тапсырыс беруші Жұмыстардың осы Шартта көрсетілген талаптарға сәйкес келмеуіне байланысты актілерге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, бұл сәйкессіздіктерді дәлелді бас тартуды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жоюға.
- 4.1.15. Тапсырыс берушінің аумағында өз мамандарының жұмыс істеу кезеңінде келтірілген барлық шығындарын (соның ішінде тұру, тамақтану, медициналық қызмет көрсету және жол жүру шығындарын) көтеруге.
- 4.1.16. Тапсырыс берушіні осы Шартты орындауға әсер етуі мүмкін барлық жағдайлар туралы (заңдық/нақты мекенжайдың, банк және басқа да реквизиттердің өзгеруін қоса алғанда) хабардар етуге, сондай-ақ Тапсырыс берушіге, оның сұрауы бойынша Мердігердің Шарт бойынша өзіне жүктелген міндеттемелерін орындауына қатысты ақпаратты сұрауды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынуға. Тапсырыс берушіге жоғарыда көрсетілген жағдайлар туралы хабарламаған және/немесе уақытылы хабарламаған жағдайда Мердігер ықтимал кері нәтиже үшін жауапты болады.
- 4.1.17. Жұмыстардағы елішілік құндылықты есептеу бойынша ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына кепілдік беру. Ұстаудың елішілік құндылығын есептеу бойынша дәйексіз ақпарат берілген жағдайда мердігер Тәртіпке және Шартқа сәйкес жауапты болады.
- 4.1.18. Жұмыстарды орындау кестесіне сәйкес Жұмыстарды аяқтағаннан кейін Тапсырыс берушіге барлық әзірлемелерді және егжей-тегжейлі сипаттамасы бар қажетті құжаттаманы беруге;
- 4.1.19. Шарттың 6-бөліміне сәйкес Кепілдік қолдауды қамтамасыз етуге;
- 4.1.20. Тапсырыс беруші белгілеген өткізу және объектішілік тәртіптердің талаптарын сақтауға;
- 4.1.21. Тапсырыс берушінің Жұмыстарды орындауға қатысты барлық нұсқамаларын қатаң орындауға;
- 4.1.22. Жұмысты бастар алдында Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін барлық қажетті рұқсат ету құжаттарын Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарынан алуға. Тапсырыс берушіге Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға қажетті рұқсат беру құжаттамасын түгелдей немесе бір бөлігін қайтарып беру қауіпі немесе қайтарып беру туралы дереу хабарлауға;
- 4.1.23. Тапсырыс берушінің талабы бойынша, егер Тапсырыс берушінің жазбаша өтінішінде басқа мерзім белгіленбесе, Жұмыстарды орындау қарқыны туралы дереу хабарлауға;
- 4.1.24. Шартты орындау барасында Тапсырыс берушіден алған құпия ақпаратты жарияламауға;
- 4.1.25. Тапсырыс берушіге залал келтірмеуге, сонымен қатар нәтижесінде Тапсырыс берушіге залал келтірілуі мүмкін келісімдерді үшінші тұлғалармен жасамауға;
- 4.1.26. Тапсырыс берушіге Шарт бойынша төлем жасауға қажетті құжаттарды ұсынуға;
- 4.1.27. Тапсырыс берушінің мүлігіне, өз жұмыскерлерінің және қосалқы мердігер жұмыскерлерінің меншігіне және денсаулығына зиян немесе залал келтіруге, сонымен қатар шартты орындау кезінде және оның салдарынан туындаған өз жұмыскерлерінің қаза болуына байланысты барлық тәуекелдерге жауапты болуға;
- 4.1.28. Тапсырыс берушіні Шарт бойынша Мердігердің (оның жұмыскерлерінің) әрекеттерінен/әрекетсіздігінен немесе Тапсырыс берушінің кінәлі әрекеттерінен/әрекетсіздігінен туындаған себептерді қоспағанда, кез келген басқа себептерден туындаған кез келген үшінші тарап қойған кез келген наразылықтар мен талаптардан қорғауға;
- 4.1.29. Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылған өз жұмыскерлерінің еңбек талаптарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сонымен қатар Мердігердің жұмыскерлері ҚР заңнамасын, соның ішінде қауіпсіздік және еңбекті қорғау, сондай-ақ қоршаған орта саласындағы заңнаманы сақтауына жүйелі түрде аудит (ішкі бақылау) жүргізуге;
- 4.1.30. Еңбекақы төлеу саласында Қазақстан Республикасының азаматтары және шетел азаматтары болып табылатын Мердігер/қосалқы мердігер жұмыскерлері арасында кемсітушілікке жол бермеуге;
- 4.1.31. Осы шарттың «Еңбек қатынастары саласында мердігерлік ұйымдарға қойылатын талаптар» деген №7 қосымшасында көрсетілген міндеттемелерді орындауға;
- 4.1.32. Техникалық сипаттамасына, жабдықты пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарға және жабдықты өндірушіге техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықтарға (осы Шартқа №4 қосымша) сәйкес толық сәйкестікте Шартта көзделген көлемде және мерзімде жұмыстарды уақтылы және тиісті түрде орындау және оларды Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісі бойынша Тапсырыс берушіге тапсыру.
- 4.1.33. Меншік қаражаты есебінен тапсырыс берушінің жазбаша талабы бойынша Шарттың талаптарына сәйкес барлық кемшіліктерді түзетуге;
- 4.1.34. Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін Мердігердің ҚР қолданыстағы заңнамасымен көзделген Жұмыстарды тиісті орындау үшін қажетті барлық рұқсаттары, лицензиялары және басқа да құжаттары болуы тиіс.





- 4.1.35. Жұмыстарды орындау кезінде Тапсырыс берушіге қажетті қорытындыларды бере отырып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген сапаны бақылаудың барлық түрлерін жүзеге асыруға;
- 4.1.36. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 15 қазандағы «Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және "Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы» № ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығына сәйкес Шарт бойынша жұмыстарды орындайтын персоналдың денсаулық жағдайының жұмысты орындауға қажетті талаптарға сәйкестігі туралы медициналық қорытындысының болуын қамтамасыз етуге;
- 4.1.37. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындауға дейінгі қолданылу мерзімі бар Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шарттың жалпы сомасынан 3 (бір) % көлемінде енгізуге. Шартты орындауды қамтамасыз ететін банк кепілдігі, ақшалай жарна немесе сатып алулар туралы шартты толық орындағанға дейінгі қолданылу мерзімі бар сақтандыру шарты Шарттың орындалуын қамтамасыз ету ретінде қабылданады. Банк кепілдігі электронды түрде шығарылып, Тапсырыс берушінің мекенжайына банк жүйесі бойынша ерекше Swift форматында хабарлама жіберу арқылы ұсынылуы мүмкін. Кепілдік қағаз тасығышта шығарылған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге берілген күннен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде Swift жүйесін пайдалана отырып, Тапсырыс берушінің банкі арқылы кепілдікті шығару туралы растаманы жіберуге тиіс. Кепілдік мәтіні оны бергенге дейін Тапсырыс берушімен алдын ала келісілуі керек. Кепілдікті Standard & Poor's немесе Fitch агенттіктерінің рейтингтеріне сәйкес деңгейі «B-» кем емес несиелік рейтингі бар банк шығаруы тиіс. Кепілдік Кепілдіктер үшін біріздендірілген қағидаларға бағынуы қажет, МТП басылымы URDG 758, ред. 2010ж.. Кепілдікті шығаруға және растауға кеткен шығындарды Мердігер өз қаражатынан төлейді. Банк кепілдігі бойынша ақшалай қаражатты төлеуге байланысты барлық шығындарды ақша жіберуші төлейді. Сақтандыру шартын төлеуге қабілетті және қаржылық-тұрақты болып табылатын сақтандыру ұйымы беруге тиіс. Сақтандыру шарты берілген айдың бірінші күнінің алдындағы 12 (он екі) ай ішінде сақтандыру ұйымының пруденциалық нормативтерді сақтауы төлем қабілеттілігін және қаржылық-тұрақтылықты растау болып қабылданады. Сақтандыру шарты нөлдік шартты түрдегі франшиз талаптарымен қол қойылуы тиіс. Сақтандыру шартының мәтіні оны шығарғанға дейін Тапсырыс берушімен алдын ала келісілуі керек. Мердігер осы Шартта көрсетілген Тапсырыс берушінің есеп айырысу шотына ақшалай жарнаны аударуы тиіс. Мердігер шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шартты жасасқан күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші жасалған шартты біржақты тәртіпте бұзады және «Самұрық-Қазына» АҚ Холдингінің сенімсіз әлеуетті жеткізгілерінің тізбесіне мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіпте Мердігер туралы ақпаратты жібереді, әлеуетті өнім беруші енгізген тендерлік өтінімінің қамтамасыз етілуі ұсталынады.
- 4.1.38. Жұмыстарды орындауға қажетті отандық Тауарларды, егер олар Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген болса, мұндай Тауарларды сатып алу бойынша кепілдік міндеттемені ұсына отырып сатып алуға.
- 4.1.39. Сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан жұмыстарды орындау/қызметтер көрсету үшін қажетті тауарларды сатып алуға міндеттенеді (тізбеге енгізілген жұмыстарды немесе қызметтерді сатып алу кезінде қолданылады, оларды орындау немесе көрсету кезінде тауарларды сатып алу тауар өндірушілерден жүзеге асырылады). Мердігердің осы тармақта көзделген міндеттемені орындауын растау тараптардың қол қойған күніне дейін орындалған жұмыстарды/көрсетілген қызметтерді қабылдау-тапсыруды растайтын тиісті (түпкілікті) актіні, сатып алынатын тауарлардың тауар өндірушісінің (лерінің)/сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымның(дардың) тауарларды сатып алу туралы шарттың(тардың) көшірмелерін, тауарларды қабылдау-тапсыру актілерін ұсыну болып табылады. Тауарды жеткізу бағасы, сипаттамалары мен мерзімдері жұмыстарды немесе қызметтерді сатып алу туралы шарттың талаптарына байланысты өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Өнім беруші осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылады. Баға Мердігердің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге сатып алу туралы шарттың(тардың) және құны жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын тауар өндіруші/ұйым ұсынған тауарды(ларды) қабылдау-тапсыру актісінің(лерінің) көшірмесін ұсынады.
- 4.1.40. Шартпен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де міндеттерді атқаруға міндетті.
- 4.1.41. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және одан әрі ай сайынғы негізде Тапсырыс берушіге атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың Мердігермен үлестес болу белгілерінің бар-жоғын көрсетіп, Шартты орындауға тартылған барлық қосалқы мердігерлер бойынша ақпаратты ұсынуға міндеттенеді. Тапсырыс беруші соңғы бенефициарды оффшорлық аймақтарда тіркелуі тұрғысынан тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады.
- 4.1.42. Қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) берілген, жиынтығында көрсетілетін қызметтер/жұмыстар көлемінің (құнының) ¼ аспайтын жұмыстар мен қызметтердің шекті көлемін сақтауға міндетті. Қосалқы мердігерлердің құрамын өзгерту қажет болған жағдайда (мәлімделген шекті көлемдер шеңберінде) Орындаушы бұл туралы Тапсырыс берушіні қосалқы мердігерлердің жаңартылған құрамын келісе отырып, жазбаша түрде хабардар етуге міндетті.
- 4.1.43. Егер осы Шарттың орындалуы келесі күнтізбелік жылға ауысатын болса, онда Тапсырыс берушіге келесі жылдың 15 қаңтарына қарай алдыңғы күнтізбелік жылға жеткізілген тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің көлеміне елішілік құндылық үлесінің аралық нақты есебін/есептелуін ұсынуға.





4.1.44. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Жұмыстарды орындау/Қызметтер көрсету процесін тоқтата тұруға болмайды. Жұмыстарды орындау/қызметтер көрсету үшін тартылған персоналдың қатысуымен ереуілдер, наразылық акциялары, локауттар және өзге де еңбек жанжалдары туындаған жағдайда, Мердігер өз ұйымының бірінші басшысының осындай жағдайларға байланысты кез келген мәселелерді реттеу жөніндегі іс-шараларға тікелей қатысуын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Мердігер персоналдың жұмысын еңбек жанжалдары туындаған кезеңде жұмыстарды орындауды/Қызметтерді көрсетуді толық тоқтатуды болдырмайтындай етіп ұйымдастыруға міндетті. Қажет болған жағдайда, Мердігер Тапсырыс беруші алдындағы міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін қосымша персоналды немесе қосалқы мердігерлерді тартуға міндетті. Мердігер ереуілдер, наразылық акциялары, локауттар және басқа да еңбек жанжалдары кезіндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеуге, Тапсырыс берушімен келісуге және бекітуге, сондай-ақ жұмыстарды орындау/қызмет көрсету кезінде кідірістерді барынша болдырмау үшін персоналды осы жағдайларды реттеу жөніндегі шараларға уақтылы оқытуға міндетті. Мердігердің өз күшімен реттеуге болмайтын еңбек жанжалдары туындаған жағдайда, ол осы әрекеттерді Тапсырыс берушімен алдын ала келісе отырып, дауды тезірек шешу үшін өз есебінен білікті медиаторларды немесе мамандарды тартуға міндетті. Ұжымдық еңбек дауы туындаған жағдайда Тапсырыс берушіге жұмыскерлердің алға қойған ұжымдық талаптарына байланысты барлық қажетті ақпарат пен құжаттаманы (дәлелді ұстаным, талаптарды қанағаттандыру мүмкін еместігін растайтын құжаттар және т.б.) ұсынуы тиіс.

4.2. Мердігердің:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (дерді) талап етуге.

4.2.2. Тапсырыс берушіден Жұмыстарды уақтылы қабылдауды және орындалған жұмыстардың актісіне (леріне) қол қоюды талап етуге;

4.2.3. Тапсырыс берушіден қойылған өсімпұлдың, айыппұлдың және заладың сомасына төлем жүргізуді талап етуге;

4.2.4. Тапсырыс берушімен келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең дәрежелі маманмен ауыстыруға;

4.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.2.6. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Мердігер көрсеткен қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жиынтығында ¼-ден аспайтын Жұмыстар (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) көлемін (құнын) қосалқы орындаушыларға (бірлесіп орындаушыларға) ұсынуға;

4.2.7. Жұмыстар басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге;

4.2.8. Тапсырыс берушіден енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге құқылы.

4.2.9. Тапсырыс берушіні алдын ала хабардар етіп, Жұмыстарды мерзімінен бұрын аяқтауға құқылы.

4.2.10. Осы шарттың талаптарын орындау үшін қажетті құжаттаманы және ақпаратты толық көлемде алуға;

4.3. Тапсырыс беруші:

4.3.1. Орындалған Жұмыстарды Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға.

4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Орындалған жұмыстар актісіне Мердігерден Жұмыстарды орындау актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға;


4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға.

4.3.4. Мердігерден жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Мердігердің өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қою арқылы таныстыруға, сондай-ақ өмірге және (немесе) өмірге адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге;

4.3.5. Мердігерге Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ол енгізген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруға міндеттенеді.

4.3.6. Мердігердің/қосалқы мердігердің қызметкерлері Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік тәртіптерін ұйымдастыру қағидаларының талаптарымен және де оның шарттық міндеттемелерді орындауы үшін қажетті басқа да құжаттарымен танысқаннан кейін Тапсырыс берушінің күзетілетін объектілерінде шарттық міндеттемелерді орындауға рұқсат беруге.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:





4.4.1. Мердігерден ұсынылған өсімпұл, айыппұл және шығын сомасын төлеуді талап етуге.

4.4.2. Шарт құнының тиісті төмендеуімен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың белгілі бір бөлігін қабылдаудан бас тартуға.

4.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға.

4.4.4. Мердігердің қызметіне кез келген уақытта араласпай, Мердігер орындайтын Жұмыстардың барысын, сапасын және толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге.

4.4.5. Мердігерден есептелген айыппұлдардың сомасы ол Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) Тапсырыс берушінің көрсетілген бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бұзушылықтарды жою туралы талабын орындамаған жағдайда өндіріп алуға құқығы бар.

4.4.6. Тапсырыс берушінің Мердігердің елішілік құндылықтың болжамды есебін ұсынуын талап етуге құқығы жоқ.

5. Жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Мердігер орындалған Жұмыстарды тапсырғанда және Тапсырыс беруші оны қабылдағанда екі Тарап қол қойған орындалған жұмыстар актісін ресімдейді. Тапсырыс беруші қабылдау-тапсыру актісін алғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде Жұмыстарды қабылдайды және оған қол қояды немесе Мердігерге орындалған Жұмыстарды қабылдаудан бас тарту туралы жазбаша дәлелді жібереді. Тапсырыс беруші орындалған жұмысты қабылдаудан бас тартқан жағдайда Тараптар екітарапты актіні құрастырып, бұнда Жұмыстағы кемшіліктерді, сондай-ақ оларды жою талаптары мен мерзімдерін көрсетеді. Мердігер актіге қол қою сәтінен бастап 30 жұмыс күні ішінде Жұмыстардағы барлық кемшіліктерді жояды. Мердігер Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша Шарт бойынша орындалған Жұмыстарға қатысты Тапсырыс берушіге қажетті барлық құжаттарды актіге қол қою үшін ұсынуға міндетті.

5.2. Тапсырыс беруші №2 қосымшаға және шарттың өзге талаптарына сәйкес орындалған Жұмыстарды тексереді.

5.3. Орындалған жұмыстың көлемі мен сапасы туралы шағымды Тапсырыс беруші Мердігерге қарапайым қабылдау әдісімен (жасырын ақаулар) анықталмаған кемшіліктерді анықтау сәтінен бастап 30 жұмыс күні ішінде ұсынады. Егер Мердігер 7 жұмыс күні ішінде жауап бермесе, мұндай талап Мердігер тарапынан танылған болып саналады.

5.4. Орындалған жұмыстарда кемшіліктер мен ескертулер анықталған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушімен келісілген мерзімде анықталған ескертулер мен кемшіліктерді жоюға міндет алады, бұл ретте ескертулерді жоюға байланысты шығындар Мердігер есебінен жүзеге асырылады.

5.5. Шарт бойынша Жұмыстарды мерзімінен бұрын аяқтаған жағдайда Мердігер мерзімінен бұрын тапсыруға, ал Тапсырыс беруші Шарт талаптары бойынша мерзімінен бұрын орындалған жұмыстарды қабылдауға және төлеуге құқылы.

5.6. Тапсырыс беруші орындалған жұмыстарды/көрсетілген қызметтерді қабылдау кезінде Орындаушының Шарттың 4.1.43-тармағын қосалқы мердігерлерді тарту тәртібі мен көлемінің сәйкес келмеуі бөлігінде бұзушылықтарын анықтаған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың 7-бөліміне сәйкес Орындаушыны жауапкершілікке тартуға құқылы

6. Кепілдіктер және Сапа


6.1. Мердігер орындалған Жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісіне қол қойған күннен бастап 12 ай ішінде Шарттың (бұдан әрі – Кепілдік қолдау) әрекет ету кезеңінде өзі орындаған Жұмыстардың құрамына кіретін қажетті жөндеулерді қамтамасыз ету және ақаулар мен кемшіліктерді жою бөлігінде кепілдік қолдау көрсетуі тиіс.

6.2. Кепілдік қолдау шеңберінде Мердігер кепілдік кезең ішінде анықталған ақаулар мен кемшіліктерді өз тәуекеліне қарай және өз қаражаты есебінен уақытылы жоюға міндетті.

6.3. Шарт бойынша орындалған жұмыстардың құрамы мен сапасындағы кемшіліктер мен жөнсіздіктерді анықтайтын актіні құруға қатысу, оларды жою тәртібі мен мерзімдерін келісу үшін Мердігер Тапсырыс берушіден хабарламаға алған (жазбаша, электрондық пошта арқылы) күннен бастап күнтізбелік 3 күннен кешіктірмей өз өкілін жіберуге міндетті. Бұл ретте кепілдік қолдау мерзімі ақаулар мен кемшіліктерді жою кезеңіне сәйкес ұзартылады.

6.4. Мердігер анықталған ақаулар мен кемшіліктер актісін жасаудан немесе оған қол қойудан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші біртарапты актіні құрастырып, бұнда барлық ақауларды, кемшіліктерді көрсетеді және Мердігердің қол қойудан бас тартуы туралы жазбаны енгізеді. Мердігер Кепілдік қолдау көрсету бойынша барлық қажетті қосымша іс-шараларды өз тәуекеліне қарай және өз қаражаты есебінен жүзеге асырады.

6.5. Жұмыстардың атауы, орындау көлемдері мен мерзімдері Техникалық сипаттамаға және Жұмыстарды орындау кестесіне сәйкес келуі





тиіс.

6.6. Барлық орындалған жұмыстардың сапасы Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы шарттың талаптарына сәйкес болуы тиіс.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Мердігердің жауапкершілігі:

7.2.1. Бірыңғай әдістемеге сәйкес белгіленген нысан бойынша жұмыстардағы елішілік құндылықтың нақты есебін ұсынбаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге өткізілген әр күн үшін Шарт сомасынан 0,1% мөлшерде, бірақ Шарт сомасының 10% аспайтын көлемде өсімпұл төлейді;

7.2.2. Мердігер Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда Мердігер әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт жалпы құнының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарттың сомасының 0,1%-ы мөлшердегі тұрақсыздық түріндегі жауапкершілікті мойнына алуға;

7.2.3. Мердігер Шартта қарастырылған Жұмыстарды орындау мерзімдерін кешіктірген жағдайда Мердігер әрбір мерзімі өткізілген күнтізбелік күн үшін уақытылы орындалмаған жұмыстар құнынан 0,1 % көлемінде, бірақ шарттың жалпы сомасының 10% аспайтын мөлшерде Тапсырыс берушіге өсімпұл төлеуге міндеттенеді.

7.2.4. Мердігер Шарт талаптарына және Техникалық сипаттамаға сәйкес Жұмыстардың орындалу көлемі мен сапасын бұзған жағдайда Тапсырыс беруші әрбір жеке жағдайда, Мердігерден Шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етуге құқылы.

7.2.5. Мердігер Шарттың осы бөлімімен қарастырылмаған Шарт бойынша өзге де міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті орындамаған жағдайда Тапсырыс беруші Мердігердің міндеттемені бұзған әр күні үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1 % көлемінде, бірақ шарттың жалпы сомасынан 10% аспайтын мөлшерде өсімпұлды өтеуін талап етуге құқылы.

7.2.6. Кепілдік қолдау кезеңі ішінде пайда болған ақаулар мен кемшіліктер жойылмаған жағдайда Мердігер Шарттың жалпы сомасынан 10% мөлшерде Тапсырыс берушіге айыппұл төлеуге міндетті.

7.2.7. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Мердігердің өкілдері ҚР заңнамасымен және Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарымен белгіленген қауіпсіздік және еңбекті қорғау, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтамау нәтижесінде пайда болған ықтимал уақиғалар, соның ішінде Мердігер жұмыскерлерінің еңбек жағдайының қауіпсіздігі үшін Тапсырыс беруші мен бақылаушы мемлекеттік органдар алдында толық жауапты болады.

7.2.8. Мердігердің және оның қосалқы мердігерлерінің/бірлесіп орындаушыларының Қазақстан Республикасы азаматтарының және шетел азаматтарының жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бергені үшін Мердігер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

7.2.9. Мердігер елішілік құндылық бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда Тапсырыс берушіге Шарт сомасының 5% мөлшерінде, сондай-ақ шарттың жалпы құнынан елішілік құндылықты орындалмаған әрбір 1% есептеу үшін 0,15% мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы құнының 10% - нан аспайтын мөлшерде айыппұл төлеуге міндетті.

7.2.10. Жұмыстарды орындаудан бас тартқан немесе оларды орындауға мүмкіндік болмаған жағдайда, не Мердігердің бастамасы бойынша немесе Мердігер шарт талаптарын елеулі түрде бұзуына байланысты Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша шарт бұзылған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасынан 10% мөлшерде айыппұлды төлеуге міндет алады.

7.2.11. Мердігер Кепілдік қолдау кезеңінде пайда болған ақаулар мен кемшіліктерді жою мерзімдерін негізсіз бұзған жағдайда Мердігер әрбір мерзімі өткізілген күнтізбелік күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1 % көлемде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10% аспайтын мөлшерде Тапсырыс берушіге өсімпұл төлеуге міндеттенеді.

7.2.12. Мердігернің жұмыскерлері Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік режимдерінің талаптарына сәйкес берілген рұқсаттаманы жоғалтқан (бүлдірген) жағдайда, Мердігер рұқсаттаманы жоғалтқан (бүлінген) кездегі оның құнын (кәсіпорында қолданыстағы бағаларға сәйкес) өтеуге, сондай-ақ Тапсырыс берушіге рұқсаттаманы жоғалтқаны (бүлдіргені) үшін әрбір жоғалған (бүлінген) жағдайға 3 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.2.13. Жұмыстардағы ақаулар мен толық орындамауларды, анықталған кемшіліктерді уақытылы жоймағаны үшін Мердігер мерзімі өткізілген әр күнтізбелік күн үшін Жұмыстарды орындау кестесіне сәйкес Жұмыстардың тиісті кезеңіне берілген құнынан 0,1% көлемде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10% аспайтын мөлшерде Тапсырыс берушіге өсімпұл төлеуге міндетті





7.2.14. Шарттың 4.1.40 тармағында көзделген міндеттеме орындалмаған жағдайда, Мердігер міндеттемені бұза отырып сатып алынған тауардың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады, оны Мердігер төлеуі керек немесе Тапсырыс беруші тараптар орындалған жұмыстарды/көрсетілген қызметтерді қабылдау-тапсыруды растайтын тиісті (түпкілікті) актіге қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін.

7.3. Мердігер осы Шарт бойынша Мердігер Тапсырыс беруші алдында берешек болғанда, сондай-ақ Мердігердің Тапсырыс беруші алдындағы басқа да міндеттемелері болған жағдайда біржақты тәртіпте, акцептсіз, өтелмеген берешек сомасын Шарт бойынша төлем сомасынан ұстап қалуға Тапсырыс берушінің құқығы барын мойындайды.

